Өкінішке орай, кейбір жас ма-

нәтижесіне қарай жүлдегерлерді анықтауды ұсынды.

«Инновациялық жобалар – кітапханалар ке- скін-келбетінің жаңа көрінісі» шығармашылық алаңында ірікten алынған жобалар қорғалды.

Нәтижесінде «Преодоление информационного барьера читателями с глубоким нарушением зрения» жобасының авторы Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапхананың тифлопедагог-реабилитологі С. Фалежинский Бас жүлдөні иеленсе, «Құнды кітаптар әлеміне саяхат» жобасының авторы Жезқазған ОҚЖ-не қарасты С. Сейфуллин атындағы орталық қалалық кітапхананың кітапханашы М. Жұмаділләеве I орынға қолжеткізді. II орында «Сделай бизнес успешным» жобасының авторы Бұқар жырау ОҚЖ орталық аудандық кітапханасының кітапханашы О. Рощупкина мен «Арқаның алтын сандығы» жобасының авторы Н. В. Гоголь атындағы ОӘФК кітапханашы А. Баянова тұрақтады. Саран ОҚЖ орталық қалалық кітапханасының кітапханашы Н. Смирнова («Мир для всех один»), Абай ОҚЖ орталық қалалық кітапханасының кітапханашы Ш. Сұлтанбекова («Формирование корпоративной культуры») және Ақтөгай ОҚЖ Қызыларай ауылдық кітапханасының кітапханашы А. Эбдуәлиева («Ауылым – алтын бесігім») III орынға ие болды.

Форумның екінші күні шығармашылық алаңдардағы жұмыстар қорытындыланып, қарар қабылданды. Форумға қатысушылардың пікірінше, бұл жының жас кітапханашылар өміріндегі ең қызықты және біліктілікті арттыру бағытындағы ең маңызды басқосу болды.



Айнагул МЕКТЕПОВА,

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы
Кітапханаларды дамыту орталығының
әдіскері

Жас кітапханашылар форумының алғашқы күні пленарлық мәжілісте кітапхана ісіне, осы көсіпке қатысты өзекті де қызықты баяндамалар тындалды. Кадр саясаты және мамандық имиджін көтеру мәселесі де көтерілді.

Форумдағы қызықты сәт – тақырып бойынша шығармашылық алаңдарға бөлініп жүргізілуі. Ал талқылау алаңына 30 жобаның ішінен іріктеліп 13 жоба ғана қатыстырылды. Әрбірі өзіндік ерекшелік-ке ие.

Әз басым осы форумға қатыса отырып, білгенімді қосып, білмегенімді үйрендім. Жезқазған қалалық кітапханасы мен Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапхананың жас мамандарының жобасын тәжірибеліде пайдаланамыз деген ойдамын.





Анна НИКИТОВА

I Форум молодых библиотекарей Карагандинской области явился ярким подтверждением стремления молодого профессионального общества к консолидации сил для развития библиотечной системы. В программу Форума вмешались отдельно, что потянуло могли только действительно талантливых: дебаты, мастер-классы, творческие площадки.

Участники Форума пополнили свой багаж знаний новыми идеями и получили практические навыки. Макс, как участнику творческой площадки «библиотека будущего», заинтересовалась аргументированная презентация тифлопедагога-реабилитолога областной специбиблиотеки для неслышащих и слабослышащих граждан Файзакенского СА., где он представил 10 трендов библиотеки в будущем.

Мастер-класс «Как создать 3D книгу» захватил нас настолько, что время пролетело не заметно. Несмотря на название программы Kibrof Flip Book Maker, мы не испытывали затруднений при работе, благодаря профессиональному замедляющей сектором автоматизации ОУНБ имени Н.В.Гоголя Болдыс А.А.

Мультимедийные издания в библиотеке на сегодняшний день – это самое комплексное хранилище ценных ценностей культуры. Оно востребовано, как современный источник информации. С их

применением библиотечные мероприятия будут восприниматься пользователями ярче и образнее.

Две дня плодотворной работы, обсуждений актуальных вопросов, неформальных встреч, позволили довести до молодых библиотекарей мысль, что нужно не ждать, а приводить изменения.

Такие встречи библиотекарей позволяют обмениваться мнениями и опытом, укрепляют партнерские связи, дают возможность обсудить важные профессиональные проблемы. Уверена, что этот Форум поможет привлечь в библиотечную сферу молодых библиотекарей. Ведь именно молодежи как самой мобильной и активной части общества предстоит обеспечить прогрессивное развитие страны. Сегодня особенно важно предоставить нам возможность реализовать таланты и профессиональные знания, проявить себя в общественной деятельности!



Виктория КОШЕВЕЦ

Очень понравился форум молодых библиотекарей, особенно мастер класс по созданию 3d книги. Побольше бы таких практических занятий. Теория это одно, а практика совсем другое. Колossalное удовольствие получила от того, что практически сканами руками создала мультимедийное гифбом. Вообще очень отрадно, что вернулась с новыми знаниями и навыками!



Ерболат ҚУАТБЕКОВ

27-28 шілде аралығында Караганды қаласында өткен жас ітепознаныштар форумы – тарих орын. Караганды облысты; Н. В. Гоголь атындағы ынбағының кітапханасы және Караганды облысты; Медиамен балғардың мұрындық болған форумда 130-дан естен кітапханашы бар күні. Форумың мақсаты – жас кітапханашылардың өлеуетті арттыру. Қалалық, мудансыз, күнделік, кітапханадан калпен кітапханашылар және бір липтен өзіненің байрлады. Эрнін, арасында жаңа технологиялар мен инновациялардан алушы, кітапханашылар да кездесті. Оны жасырмайтындар көрек. Жүрек-турғы шаш тузылады.

Мен күнегер болған инновациялық хобелар алемы үш көз қырынан көрінгендай болды. 1) Жонарыда айтқандай, инновацияның сұлтына жетер жетпес; 2) Инновацияның көңілдерін, бірақ оның идея байдырындар; 3) Инновацияның көңілдерін, идея бер, бірақ ее жобасын көрлей алғанғандар болды. Осындай жайттарғын күндер болдын. Соныннан китар, отар-етір суреттер қойылып жатты. Назарда 13 жаға үткілан Балатын.

Ал байникарлікес жиһетін болсаң, Шілде идея мен тәсілдер астасын жаса, жайбасу! жарісін. Мысалы, Гран при алған Фелюксесіндің «Кешкенділер шайері» бергілігінен шыбыны деген сіздемін. Тарихи сауаттылығы бар, тақырыбы мәндерлі, балтымында сергін тың дүние. Шыбыны көрек жалғызы ушынды. Дүниемен, кашпоға формула және толықндардан тын серпіліс күттегіз.



Кітапты байлыққа санайтын өркениетті ел немесе
Америкадағы конференцияға қатысқан облыстық Л. Толстой
атындағы кітапхананың директоры, Қазақстан Республикасының
Бұлжамерия Қазинамен мәдениет қайраткері
сырласу

**Американың грантын
жеңіп алдық**

– Сіз облыстың бас кітапханышы ретінде өлемнің бірқатар елдерінде болдыңыз. Осы жуырда ғана талай кіслерге арман болып жүрген АҚШ-тан сапардан оралдыңыз. Осы жайлы оқырмандарға тарқатып айтып берсөңіз?

– Бұл өзі кепке дейін айтып жүретін ете нәтижелі де таңғажайып сапар болды. Ол үш аптаға

созылды. Онда дүниежүзінің түкпір-түкпірінен өзім секілді руханият саласында қызмет атқарып жүрген өріптестерім бас қосты.

Аталмыш жыны АҚШ-тың мемлекеттік департаментінің жобасы бойынша жүзеге асырылды. Осына тағылымды жағы мол жүздесуге Қазақстаннан 5 адам қатысу бақытына ие болдық. Олардың қатарында Қарағанды, Атырау, Павлодар, Алматы қаласынан бас кітапханашылар болды.

Астанадан Вашингтонға үшақпен үштық. Бізге 2 аудармашы бекітілді.

– Ұмытпасам, сіздің осы мұхиттың арғы жағындағы мемлекетке баруыңызға өзіңіз басшылық ететін кітапханадағы «Америка бұрышының» тікелей ықпалы ти-ген секілді?

– Эрине, баршага мәлім, 2009 жылдан бері аталмыш бұрыш біздің кітапханада ашылып, жұмыс істейді. Откен жылдың қоры-

тындысы бойынша біздің атап-ған бұрышымыз елімізде бірінші орынды женіп алды. Табыс оңайлықпен келе ме? Кітапхана қызметкерлері оқырмандар тарту үшін қашама тың ізденістермен жұмыс істеді.

Сол себептен біздің сінірген еңбегімізді АҚШ-тың Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілеттік елшілігі жоғары бағалады. Бұл үшін біз өте қуандық. Сол көтпен көкейде бір көрсек деп жүрген алып мемлекетке барып қайтуға грантты женіп алдық. Сондықтан біздің барлық жүріп-тұруымызды, жол қаражатын, жатын орнымызды әлгі шақыруышы жақ өз мойындарына алды.

— Осы сапар барысында сол мемлекеттің қандай қалаларында болып, ғибратты тағылым алдыңыздар? Соған қысқаша тоқтала кетсөніз?

— Мұндай алып мемлекетке қуніге жолың түсे бермейді. Сондықтан осы сапарымызда біз әр-бір сағатты барынша мағыналы да мәнді өткізуге тырыстық. 21 күнде атап-ған елдің 6 штаты, 8 қаласында болдық. Алған әсерімізді тілмен айтып жеткізу өте қын.

Билл Клинтонның туған жерінде болдық

— Жаңа бір сөзінде айтулы мемлекеттегі біртуар тұлғалар шыққан шаһарларға да жолдарыңыз түскендігін әңгіменің орайы келгенде баяндан берсеніз артық болмас еді?

— Шынында да жолымыз түскен мемлекет қай жағынан болмасын дараланады. Бұл ел тұрғындары бұрыннан руханиятқа аса көніл бөлөді деп естуші едім. Осы сапарымда соған көзім айқын жетті. Енді бос сөзге салынбас үшін нақты мысалдарға жүгінгенім дұрыс шығар.



Өздерінізге белгілі, Билл Клинтон кезінде осы АҚШ-та Президент болды. Осы жолы әлгі азamat президенттікке сайланған Арканзас штатындағы Литл-Рок деген шаһарға да соқтық. Сонымен қатар осы елдің әлемге танымал әншісі Элвис Преслидің туып-өсқен өңірі Тейннеси Мемфис шаһарында да болып, үлкен әсерге бөлендік.

— Байқауымша, біраз шаһарларға ат басын бұрыпсыздар. Оның берін бір сұхбатта айтып беру мүмкін еместігін де жақсы білеміз. Сондықтан газет оқырмандарына тәлімдік жағы молтұстары жайлы сыр шертсөніз?

— Сіздің ойыңызды түсіндім. Біз әлемнің қай түкпірінде жүрсөк те, езіміздің қандастарымыздың тұрмыс-тіршілігі жайлы да білуғе тырысамыз. Бірақ бұл жолы баяуырларымызбен жүздесудің реті келmedі. Өйткені біздің жұмыс сапарымыз алдын-ала жоспарланатыны да белгілі фой.

Дегенмен, сол алып елде де мұсылмандар тағым ететін киелі орын яғни, мешіттер бар екендігін білдік. Атап-ған мемлекетте қазақтың оқыған, түрлі саланы менгерген бесасспап азаматтары жұмыс істейді. Білім алып жатқан жастар да аз емес. Олар түбі сол

жақтан алған білімдерін қазақ елі мен жұртының игілігіне арнайды деген сенімдемін.

Осы сапарымызда «Қанына тартпағанның қарысынсын» демекші, өз ұлтымыздың жігіттері басқаратын дәмханадан ас-су іштік. Жалпы, олардың сыртта жүрсе де намысты қолдан бермей, өркениетке деген ұмтылысина тәнті болдық.

Америкада күн сайын екі-үш кездесу болып тұрды. Солардың ішінде Вашингтондағы Конгресс кітапханасының жөнібөлек. Бұл парасат ордасының қызметкерлері жергілікті шығармашылық өкілдерімен кездесуге ерекше назар аударады екен. Бұл да бізге үлкен ой салды.

Қазақ баласына тегін білгізу үшін

— Сіздің сол ел жайлы өте мәнди әңгіменізден мына бір жайдың өзімді елең өткізгенін жасырмаймын. Өйткені өзіңіз бір сөзінде біздің елден қазақ баласын асырап алған бір отбасының әлгі ұлдың өзінің ана тілін, шыққан тегін білдіру үшін жоғарыдағы бас кітапханадан кітап сұрағанын айттып қалдыңыз.

— Бұл рас. Сол АҚШ-та қазақ



баласын асырап алған бір отбасы Вашингтондағы Конгресс кітапханасына арнайы келіп, 16 жасар ер баланың ендігі алдағы өмірінде өз үлтynың шыққан тегін білдіру үшін кітап сұрағаны белгілі.

Еріне, кітапхана қызметкерлері олардың талап-тілегін қанағаттандырыды. Қазақ халқының бай салт-дәстүрін, әдет-түрлін терең білу үшін сұраған кітаптарын тауып беріпті. Шынында да әлгі отбасының үлдің келешегін ойлап, мұндай игі қадамдарға баруы бәріміздің де жүргегімізді жылытқанын жасырмаймын.

– Өзіңіз де байқаған боларсыз, америкалықтардың Қазақстанға көзқарасы қалай екен? Сол жөнінде бірер сөз?

– Қазіргі таңда Тәуелсіздігінің 20 жылдығын атап өткен мемлекетіміздің бүкіл әлем мойындағы. Мұны осы сапарда да айқын сезіндік. Олар еліміздің қарқынды дамып келе жатқандығын жақсы білетін секілді.

Ондағы зиялды қауым мен қарапайым жүртшылық Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімінде де әбден қанық. Оның қазақ халқын өркениетке бастап, елордамыз Астананы өркендеп жатқан іс-әрекетінде де үлкен қы-

де ерекше кітапқұмар деп ести міз. Сіз соның бөрін көзбен көріп, көнілмен түйдіңіз емес пе? Осы жөнінде де баяндай кетсеңіз?

– Жалпы, ол жақтан үйренер тұстарымыз өте көп. Үлкені де, кішісі де ерекше кітапқұмар екен. Өзімді таңқалдырығаны, Америкадағы кітапханалар біздікі секілді тек екі-үш қабабтығанда емес, көпқабабты болып келеді. Оқырмандар үшін барлық жағдайлар қарастырылыпты.

Мәселен, онда көдімгі кітапхана оқырмандары мен ақын-



зығушылықпен қарайтын секілді.

Қазакстаннан барған біз де қазақ елінен екенімізді білсін деп, мойнымызға кекшіл орамалды тағып жүрдік. Бұл да болса үлтжандылығымызды, бойымыздары патриоттық сезімнің жоғары екендігін айғақтайтын сияқты.

Бай адамдардың кітапқұмарлықтары таңқалдырыды

– Америкалықтар қазіргідей ғаламтор, жалпы компьютерлік техникалар аса дамыған кезде

жазушылардың кездесулерін биік лауазымды шенеуніктердің, губернатордың жұбайы немесе қалталы бай әйелдер үйінде өткізетіндігін білгенде қалайша таңқалмайсың. Міне, мұның бәріде біздің еліміздегі зиялды қауымға үлгі-өнеге іспетті.

Сонансоңтағы біrbайқағаным, ондағы меценаттар жалпы, руханият саласына қамқорлық танытуды өздерінің азаматтық ісі деп түсінеді. Осы жолда қаражатты да аямайды.

Сонан соң тағы түйгенім, сол мұхиттың ар жағындағы елде

біздікіндей балаларға арналған жеке кітапхананы көре алмадым. Олардың қызметін кітапханалардағы белгімдер атқарады екен. Тіпті кітапхана шылар жас булдіршіндерге дауыстап кітап та оқып береді. Осылайша, балалардың бойында да руханиятқа деген талпыныс сянатын секілді.

Әрине, осындай ізгі ниеттер мен үмтұлыстар адамдардың

ма? Мен де Қостанайға оралған соң, сол жақтан көргенім бойынша «Кітапхана достары» деген қор ашқалы отырмын.

— Біздің байқауымызша, сұхбатымыздың басында айтып еткендей, «Америка бұрышының» ізгі нәтижесін іс жүзінде көрдіңіздер. Соның арқасында АҚШта да болдыңыз. Алдағы уақытта осы бағытта қандай жұмыстар атқармақ ойларыңыз бар?

Мәселен, онда кәдімгі кітапхана оқырмандары мен ақын-жазушылардың кездесулерін биік лауазымды шенеуніктердің, губернатордың жұбайы немесе қалталы бай әйелдер үйінде өткізетіндігін білгенде қалайша таңқалмайсың. Міне, мұның бәрі де біздің еліміздегі зиялды қауымға үлгі-әнеге іспетті.

тарапынан кітап оқуға деген ынтызарлықты арттыра түсетіндігі сезісіз. Соның бәрін дә қазақ елінен барған делегациялар болашақта өз қызметтері барысында жүзеге асырады деген сенімдемін.

Оны айтасыз, қайсыбір кітапханалар жастармен тығыз байланыста жұмыс істейтін көрінеді. Оларды толғандырып жүрген көкейтесті мәселелерге атсалысып, өздерінің жастардың жай-күйі де бей-жай қалдырмайтындығын көрсөтеді.

Жаңашылдыққа жанашырлық таныттайық

— Сіздің ол жақтан үмтүлтімас есермен оралғандығыңыз бізге аян. Сол көңілге түйгендеріңізден алдағы уақытта облыстық кітапхананың жұмысы барысында жүзеге асырсаң дегендеріңіз бар ма?

— Барлық мәселе қашанда көп жауапкершілікті қажет етеді. Ниет болса, жүзеге аспайтын іс бар

— Бұл айтқандарыңызben толық кепісемін. Жалпы мемлекет басшысының үш тұғырлы тіл жөніндегі тұжырымдамасын күнделікті қызметтімізде басшылыққа ала отырып, алға қарай үмтүла бермекпіз. Осы бағытта жасалып жатқан тың ізденістер дә аз өмес.

Жыл бойы кітапханада ағылшын тілінен курстар, пікір-талас турнирлері өткізіледі. Сол тілден кинолекторийлер де болады. Ағылшын тілінде өлеңдер фестивалі де үйымдастырылып тұрады. Сайып келгенде, мұның бәрі де ағылшын тілін өз бетімен оқып-блуге талпынғандарға бәрі мол деп есептеймін.

Сондай-ақ оқушылар каникулға шыққаннан кейін жаз айларында біз де оларға арналған ағылшын тілі курстарын барынша жандандырық. Оқу — тегін. Бұған жергілікті университеттің оқытушылары мен волонтерлер дөріс береді.

— Америка нағыз өркениетті ел екендігі бұрыннан белгілі. Ке-

шелерден, жеке үйлерден абаттандыру, көгалдандыру мәселелерінде байланысты қандай бізге үлгі-әнеге болар жайларды байқадыңыз?

— Оларда көшеде түрғындардың жүріп-тұруына ыңғайлы болу үшін жол жиегінде гүлдер, гүлзарлар есіруге айрықша көңіл бөлөтіндерін байқадым. Сол елде жүртшылық кебінесе жеке үйлерде яғни, коттеджерде тұрады. Аула-лары қандай жап-жасыл Қездің жауын алады.

Сонан соң тунде тротуарлар жуылып, айналаны айнадай тазартып тастайды екен. Басы артық жатқан затты көрmedім. Сондықтан халықтары да ете кірпияз, артық ауыз сөз, жағымсыз жайлардан өздерін аулақ ұстауға тырысады.

— Эр жердің өз ерекшелігі барғой. АҚШ секілді өлемдегі өркениетті өлдердө қаңғыбастарды кере алдыңыз ба? Қазір онда ауа райы қалай екен?

— Көшөден бірде-бір қаңғыбасты көрmedім десем, шыңдықтан алыстаған болар едім. Олар мәнің пайымдауымша барлық өркениетті деген елдердің өзінде кездесетін секілді. Бірақ табиғаттары ете көркем, сулы-нулы, қиялышында қияндарға шарықтады.

Біз барған көзде күн ете ыстық болып тұрды. Бірақ олар кондиционерлерді тиімді пайдаланады. Өзіміз болған кітапханалардың іші де қоңыр салқын. Сондықтан ыстықты онша сезбедік.

Өзіміздің өмін-өркін жүріп, демалуымызға барынша жағдай жасалды. Цирктерде, мұражайларда болып, жан дүниеміз рақат сезіміне бөленді.

Эңгімелескен
Оразалы ЖАҚСАНОВ



Гүлнар ШАЙХАШЕВА,
Атыраудағы № 1 қалалық орталық
кітапхананың директоры

Жуықта Атыраудағы №1 қалалық орталық кітапханада «Бір ел – бір кітап» – 2012» акциясы аясында белгілі жазушы, драматург Оралхан Бекейдің «Қайдасың, қасқа құлышым» повесі бойынша оқырмандар конференциясы өткізілді.

ТӘРБИЕ ТАМЫРЫ – *кітапта*



Бұл күні ұлы қүйіші Құрманғазы атындағы Медениет үйіне де 300-ден астам оқырман жиналып, «Бір ел – бір кітап» тақырыбындағы кітап көрмесіmentанысты. Осы көрmede жазушы Оралхан Бекейдің әр жылдары жарық көрген еңбектері, баспасөз бөттерінде жарияланған шығармалары қамтылды. №1 қалалық кітапхана маманы Ж. Суханова О. Бекейдің еңбектерінде библиографиялық шолу жасап, «Атау кере», «Мұстау», «Кербұғы» мен «Бастау» тәрізді тың туындыларын талдап көрсетті.


Х. Досмұхamedов атындағы Атырау Мемлекеттік университетінің профессоры А. Тәжіғалиева «О. Бекейдің шығармашылық әлемі» тақырыбында тағылымды ой тарқатса, ақын Г. Ниетқалиева жазушының жұмбақ та шынайы шығармалары туралы тереңнен толғады.

Өз кезегінде, «Қазақ тілі» қоғамының тәрағасы Ә. Төлеуішов кезінде қаламгермен бетпе-бет кездесіп жүретінін жеткізіп, автордың әдебиет жайлы асыл ойларын күәгері ретінде әсерлі әңгімеледі.

Сондай-ақ Х. Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік университетінің доценті Т. Жаңабаев жазушы шығармашылығын саралап сипаттаса, философ Ә. Бекежан «О. Бекей шығармаларындағы философиялық ойлар» атауымен өзекті ойды өздігінше өрістепті. Аталған университетінің «Актерлік өнер» факультетінің студенттері А. Мендіғалиева мән Г. Көшербаевалар қаламгердің «Қайдасың, қасқа құлышыным», «Қарқызы» повестерінен монологтар оқып, Оралхан ойларын жастар жүргегінде жалындағы Сүйікті жазушысының «Аламның астауы» повесінен үзінді оқыған Облыстық гимназияның окушысы Н. Лесов та көптің көңілінен шыға білді.

... «70-80 жылдары оқымысты елдер қатарынан көрінген Қазақстан бүгінде бұл тізімнен тыс қалып барады.

Конференцияға аймақтағы ақын-жазушылар, оку орындарының үстаздары атсалыса отырып, әдебиетсүйер жастар жиналған айтулы шараның нұктесін қоймай, жалғастыру қажеттігін ескертті. Ал, «70-80 жылдары оқымысты елдер қатарынан көрінген Қазақстан бүгінде бұл тізімнен тыс қалып барады. «Бүгінгі шараның мақсаты – кітапқа бетбұрыс жасау, тәрбие кілті – кітапта екендігін мойындуату. Расында, қай кезде де «білекti бірді, білімді мынды жығады» дейтін халық мақалы білімнің қадірі жоғары екенін дөлелдегендей. XXI ғасыр – ғылым-білімнің ғасыры десек, «мынды жығар білімнің» нағыз керек көзі келді. Элем елдері алдына қойып отырган міндет те – осы. Бұл саладағы бүгінгі енбек, ертеңгі күннің – келешек үрпақтың қамы мен тағдыры үшін керек».





«Өмірдегі ең асыл дүние – *кітап*, көркем дүниеден жинаған мол білім»

A

лаштық ардақты азаматы, халқымыздың маңдайына біткен біртуар бейнесі – Шерхан аға биыл 80 жасқа толып отыр.

Жаратушы сый еткен ірі қасиеттері арқылы шаршы топта сөз бастап, кесімді ой айта білгендек кесек тұлға десек, Шер-аға тіл ұшына оралады. Сонымен қатар қазіргі заманның өзекті мәселелерін өткір қозғап, құнды шығармаларымен әдебиет көгіндегі жарқын жүлдyzдар қатарында самғап, жүрек түбінде жатқан ойды тайсалмай тарқатып, көңілдегі кірбінді қызыл тілмен шамырқана шалып түсетін де – ұлттымыздың шынайы жанашыры – Шер-аға!

Мерейтой құтты болсың, жан аға!

Құрметті оқырман, осынау торқалы тойы қарсанында мерейгерді өңгімеге тартқан едік. Халық жазушысы Шерхан Мұртаза жайлы жарияланбаған жазбалар сериясын да ұсынып отырмыз.


— Қадірлі Шерхан аға! Сіз се-
кілді руханият көгінен көріну
әрбір қазақ баласының арманы
емес пе?! Солай болып сан жыл-
дар жалғаса беретіндей көрінеді.
Алғаш оқыған көркем әдеби
кітаптыңыз есіңізде ме?

— Менің атыма айтып жатқан
жақсы ләбізіне раҳмет! Елден
ерен тұлғалар бұрында шыққан,
келешекте де шыға береріне
күмән жоқ. Бүгінгі әңгіме кітап
төнірегінде сияқты. Өкінішке орай,
ең алғаш оқыған кітабым жадым-
да жоқ. Одан бері жетпіс жылдан
асып кетті емес пе? Бірақ мектеп
қабырғасының алғашқы сыйнап-
тарында жүргендеге оқығаным
анық. Балалар жазушысының
әңгіме-хикаяттар жинағы болуы
керек. Менің алғашқы көркем
кітап оқуымнан гөрі, мектепке
қабылдануым қындау болған.

— Ол қандай қындық?

— «Халық жауының баласы-
сын», — дед алғаш мені Мыңбу-
лақтағы Талапты колхозына қар-
асты мектептің мұғалімдері 1-
сыныпқа қабылдамай таstadtы.
«Жаудың» баласын жолатпау
керек», — деді. Содан жылап,
себі жүргім жараланып үйге ке-
тіп бара жатыр едім, алдынан
колхоздың комсомол комитетінің
хатшысы Ноха ағамыз шыға кел-
гені. Ағайын еді. Менен жағдайды
білді де қолымнан жетелеп,
қайтадан мектепке алып келді.
Мені қабылдамай қойған мектеп
менгерушісімен оңаша сейпесті.
Қандай сөз айтқанынан хабар-
сыз қалдым. Бірақ мектеп бас-
шысы алғашқы райынан ай-
нып, мені 1-сыныпқа арналған
бөлменің ең соғыр партасына
отырғызғаны есімде. Бұл өйгі-
лі 1937-1938 оқу жылы еді. Са-
бакты соғыр партада отырып
бастағаныммен, үлгерім жағынан
сонында қалған жоқпын. Қөп

ұзамай, алдыңғы партада отырғандардан да озат атандым. Ке-
йіннен Жұалы ауданынан Жам-
былға (қазіргі Тараз) көшіп, Жам-
был атындағы орта мектепте
білім алдым. Мен мектеп сыйны-
бына әрөн-мәрән қабылданған
адаммын.



ниеден жинаған мол білім еке-
нін түсінімін. Жастарға кітап-
ты қолдан тастамай оқуға ке-
ңес берер едім. Ешқандай тех-
никалық даму деңгейі көркем
дүниенің орнын толтыруы мүм-
кін емес. Көркем дүние — ойды да-
мыту, тәрбие беру құралы. Ең
үлкен жеке кітапханам — Мың-
булақтағы үйімнің үлкен бір бөл-
месінде. Фылыми да, көркемдері
де — сонда. Сол Мыңбулақта
мыңнан астам кітабым середе
тұр. Бірқатары Таразда тұрса,
енди бір бөлігі — Алматыда. Мың-
даған кітаптарды жинап отырған
жағдайым бар. Елдің ойынан шы-
ғатын шығарма жазған қаламгер
булу үшін соншалық көп кітап
оқып, соншалық көп іздену қажет
болса, сол талапты орындағым
деп ойлаймын. Талаптыдан шы-
ғып, талаптың тұлпарына мініп
кеттік қой.

— Өзініз жазған кітаптың ұзын-саны қанша?



— Жеке кітап қорыңыз қанша көркем дүниені қамтиды?

— Кітаптарыма есеп жүргізген
емеспін. Бірақ өмірдегі ең асыл
дүние — кітап екенін, көркем дү-

— Жазғаным жүрттың көз ал-
дында. Бағасын да көпшілік бе-
реді. Журналистік зерттеулер,
публистикалық толғаныстар,
көркем шығармалар бар, ұзын-

саны жиырмадан астам кітаптың бар. Мөсөлө санында емес, сапасында ғой. Бұл жағынан да бақытты жазушының қатарына қосамын өзімді. Мұны оқырман қауым жақсы үғынады. Тараздағы менің атымдағы кітап дүкеніне бас сұгушылар ете көп.

– ТИГУ-деңг «Шерхантану» орталығымен байланысының қандай?

– Сирек байланысамын. Айнұр Қенбаева есімді директор қызы хабарласып тұрады, кейде өзі келеді. Шақырган жиналыс, кездесулеріне қатысамын. Кеп жұмыстарына деңдеп араласып жүргенім жоқ.

– Сіз республикалық үш бірдей ірі басылым – «Егемен Қазақстан», «Жас Алаш» (бұрынғы «Лениншіл жас»), «Қазақ әдебиеті» газеттерін жиынтығы жиырма жыл басқарған бас редакторсыз. «Жұлдыз», «Жалын» журналдарын, Қазақстан телерадиокешенін басқарғанының – өз алдына, бір тәбе. Қазіргі журналистикаға көзліңіз тола ма?

– Қазір техниканың қарқындаған ғасыры. Мұны жастар, жас журналистер де мәнгеріп жатыр. Бұл – әрине, қуаныш! Дегенмен, журналистикада қызы балалардың көбейіп бара жатқаның құлттай бермеймін. Сөзді семсер, қаламды қару еткен журналистердің ер азаматтан құралғаның қалаймын. Бұл – әрине, менің жеке пікірім. Ауыр жүкті ер жігіттердің көтергенін абзаз. Қарындастарымның, қаламгер қыздарымның көнілдеріне келмесе екен. Журналистикада адалдықтың болғанын жақтаймын. Қазір журналисті қолдау, қорғау жағы көмшін «Арқалаганы алтын, жегені жантак» журналистерге қашанда қолдау қажет.

– Қазіргі әдебиеттегі жастар жөніндегі айтартыңыз?

– Жас қаламгерлер ішінде таланттылары да аз емес. Бірақ көбін оқы бермеймін. Айтальық, Маралтайдың өз басыманық ақын ретінде мойындеймын. Өкінішке орай, бүтінде Жазушылар Одағының мүшеселері мыңнан асып кеттілті. Соның жүзеге жетер-жетпесін ғана таниды екенмін. Қалғандарының кімдер екені, қалай етіп кеткені маган түсініксіз, тіпті жұмбак. Бұрын талап қатты еді. Нағыз қаламгерлер ғана іріктеліп, 500-ден аспаушы еді. Бұл да ойланатын жағдай? Жазушылық – көремет қасиет! Қадір-қасиетіміз құнсызданбаса екен деген ниеттемін.

– Қоғамның ірі өкілі ретінде Өзінізді қазіргі қоғамдағы қандай месселелер алғандаатады?

– Елімізде шешілмеген мәселелер де жетеді. Десек те, қолжеткөн жетістіктерге шүкіршілік айтуға тиіспіз. Осы орайда, Елбасымыздың ерен еңбегін ешикім жоққа шығара алмайды. Тек ол кісінің төнірепінде жүргендердің ішінде үлтқа жана шырлығы жоқ, жемірліккіті көбірең жақтастындардың байқала бастағаны ойлантады. Сондықтан да Елбасымызға мық шөгөдей мықтылық керек. Бетон тасты тесіп өтетін мық шегені айтып отырмын.

– Шүкіршілік деп қалдыңыз. Имандылыққа көзқарасының қалай?

– Біздің заманымыздың басқаша болғанын білесін. Бірақ соңғыжырмажылда имандылық біздің елде көремет белен алды, жақсы көзқарасқа ие болды. Мен жақын күндерге дейін жұма намазына барып тұратынмын.

Қазір жүріп-тұруымның өзі күшке айналып барады. Алдымен, адамға имандылық қажет. Осы жолдағы кісілерге құрметпен қараймын, осы жолдағы жастарды қолдаймын. Өзім туып-есken ауылға Алланың разылығы үшін мешіт, балаларға арнап мектеп салдырттым.

– Оқырманға тағы да тартулатарының бар шығар?

– «Зеядан үшқан ақ тырналар» атты хикаяты жазып шықтым. «Бір кем дүние» атты ойтолғаның кітабымды қайта қарап, ендеп, толықтыру үстіндемін. Қалғанын уақыт көрсетер.

– 28 қыркүйек – сіздің туылған күніңіз. Мерейлі жастың мінберінде тұр екенсіз. Тойға дайындық қалай? Жалпы, Жамбыл облысы басшылығы жене жуалылықтар қандай жоспарлар жасауда?

– Мен зейнет жағдайында үйде отырган адамын Ешкім Шерханға қазір есеп бермейді. Әзірі біледі, ездері шешеді. Ешкімге ешқандай талабым да, қоятын міндетім де жоқ. «Мынаны өткізіндер, ананы қамтындар», – деп айттып жату лайықсыз. Халқым қаласа, істейді. Истемесе қояды. «Халық қаласа, хан түйесін сөяды» деген емес пе?

– Ауылықтың басын бұрып тұрасыз ба?

– Өзім туып-есken елге, ауылға сирек барамын. Біздің ауыл Тараздан қашық та емес. Оңтүстік бағытта құбылаға қарай кесілген жол Мынбұлаққа апарады. Соңғы апталарда Алматыдан оралдым. Емделіп, біраз уақыт жүріп қалыптын.

– Әңгіменізге рахмет!

СЫР-СҰХБАТТАР СЕРИЯСЫ

Ойықтағы ойлы

жүздесу немесе


Дірінші кездесу

1999 жылдың қыркүйегі. ҚР Парламенті Мәжілісіне кезекті сайлау жүріп, жүрттың сабылып жатқан кезі. Мәжіліс депутаттығына бір орынға – 8 үміткер. Ауылдық мәдениет үйінде, мектептерде екі күннің бірінде кандидат пен кездесу өтеді. Эр үміткердің жаңында үш-төрт нәкерлері жүреді. Сондай күндердің бірінде Ойық орта мектебінің мәжіліс залында ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттығына үміткер Шерхан Мұртазамен кездесу өтетін болды. Біз ауыл орталығынан үш шақырым қашық Қектебе елді-мененінде тұратын едік. Сондықтан орталыққа күнде келіп жатқан кандидаттармен кездесуге бара да бермейміз. Ал енді Шерханның аты – Шерхан! Дабылын естігеннен жаяу жортып, жүртпен бірге орталыққа жеттік. Үлкен залда ине шашар жер жоқ. Кенет сахнаға қойылған үстелге екі кісі келіп жайғасты. Бірі – бәріміз асыға күтіп сөзін тыңдасақ деп тамсанып отырған Шерхан Мұртаза, екіншісі – Ойық ауыл аймағының сол кездегі әкімі Досмұрат Шахзадаев. Таңданғаным ҚР Парламенті Мәжілісіне депутаттыққа үміткер Шер-ағаңының қасында нәкер түгіл, жалғыз адам да жоқ. Өзіне соншалық сөнімді шығар. Елге құрметті екенін біледі. Кездесуді Досмұрат әкім қысқаша сөз сейлеп ашып, Шер-ағаңа сөз берді. Әкімді де Мұртазаұлының мысы басатын сијакты. Ауылбасшысының «Орныңызда отырып сейлей берсөніш!», – дегеніне қарамастан, Шерхан Мұртаза мінберге көтерілді де сейлеп кетті. Таныстырды өзін. Жүрт онысыз да білетін кісі ғой. Сонда да

жақсылап сөйледі бір көсіліп. Ол кісінің жас шағынан отандасқан зайдыбының өмірден қайтқанынан да жүрт хабардар еді. Арасында Шер-ағаң «Кенен атамыздың жас деуге сыймайтын, көрі деуге қимайтын бір қызын өмірлік серік еттім», – деп жүртты құлдіріп те қойды. Елдің айтқан мәселелерін де дәү қалың дәлтеріне бірін қалдырмаі тұртіп алып отырды. Ерінбеді, жалықпады. «Сұрақ қойыныздар, мәселе көтеріңіздер», – деп көпшілікке еркіндік берді. Шерханның ықпалынан шыға алмай ауыл әкімі әшейін отыр. Кенет мен қолымды көтердім. Шер-ағаңының қырағы көзі онымды байқап қойды. «Сөйле, балам!», – деді. Орнынан түрегеліп, сейлес жөнелдім. Қалай бастағаным қазір ойымда жоқ ауылдың бір мәселесін қозғап өткен шығармын. Соңынан өзімнің де жұмыссыз, оқусыз жүргенімді, бірақ Шер-ағаңдай кісілер Мәжілісте отырса, жолымыздың болатынын, еліміздің алға басатынын айтып үлгердім.

«Айналайын, балам! Сөзің дұрыс екен. Өзің де дұрыс боларсың. Алдында үлкен болашағың тұр! Жасыма, жасқанба! Ертеңнен үміт күттіретін жас екенсің. Өмірде Жаратқан жолынды онғарсын!», – деп Шер-ағаң атальқ тілегін айтты сол жолы.

Артынша Шерхан Мұртаза ағамыз сегіз үміткердің арасынан 97 пайызben таза жеңіп ҚР Парламенті Мәжілісіне депутаттыққа сайланып кетті. Ол кісіні Ойықтағы ойлы кездесуге қатысқандардың бәрі 100 пайыз қолдағаны анық еді. Менің сырттай болса да жоғары окуға түсім, алдымен, мектепке, көп үзәмай редакцияға қызметке алыным



содан кейін жүзеге аса берді. Эрине, олай жолымның болуына талай жақсы адамдар ықпал етті. Мүмкін, Шер-ағаңдай жақсының шапағаты шығар!

Екінші кездесу

Шер-ағаң – Тараздағы «Астана» ықшам ауданының тұрғыны. Ол кісімен екінің бірі сейлесе бермейді. Дұрысы, сейлесе алмайды. Әйтпесе, ағаның үйінің есігі өрдайым ашық қой. Менің де ағамен екінші жүздесуім женіл болған жоқ.

2010 жылы Тараздағы №5 Жамбыл орта мектебінің құрылғанына 75 жыл толды. Еліміздің көптеген қоғам қайраткерлері, ақын-жазушы, өнер шеберлері осы мектептөн түлөп үшқан-ды. Атапған мерейтойға базылыман бір бет арнайтын болып, мақаланы дайындау маған тапсырылды. №5 Жамбыл орта мектебінің директоры Рахия Есөевә екеуміз көп ақылдастық. Сейтіп, осы мектепті бітірген қоғам қайраткерлерімен хабарласып, қысқаша ләбіздер алуыда мен мойныма алдым. Шерхан



аға да – №5 мектептің түлегі. Жолығымыз қажеттілін айтып, ол кісіге хабарлассам, бірінші жолы Астанада жүр екен. Келесі хабарласқанымда Шер-ағаңның үні қатқыл шықты.

– «Қайда жүрсін, қайда жур-сің», – дейсіндер. Қызыдың қасында жатыр деп пе едің. Отырымын фой, Дөугаевтың кабинетінде».

– Аға, мен ... Өткендегі мәселемен фой...

– Келсөңші, ертең үйге...

...Ертеңіне үйіне бардым. Жақсы қарсы алды. Қөнілді екен. Ұзак-ұзак әңгіме айтқысы бар. Эрине, Шер-ағаңның сөзін сагаттар бойы тыңдасақ та еш жалықпаймыз. Бірақ журналистің уақыты шектеуі. Біраз кесіліп-кесіліп алды да, Шер-аға менің асырып тұрғанымды түсінді. Өзі оқыған мектебі туралы естелігін, жақсы тілегін айтты. «Мектепті бірге бітіргеннен Таразда Да-наев екеуміз ғана қалдық қазір», – деді. Мен қажетті дүниемді алғанымды айттым.

«Осы ғана ма, мені сонша іздегендегің. Мұны телефонмен-ақ ала салмадың ба? Әй, бірак, келгенің жақсы. Келіп тұр, балам. Жүр дәм ауыз ти», – деді.

Апамыздың шайы дайын екен. Бір-екі шыны шай ішіп, кетуге жиналдым. Аға өзі есікке

дейін шығарып салды. Ізеті, кішілігі, кісілігі.

Бұл ағамен алғашқы бетпебет әңгімелесуім, үйінен алғаш дәм татуым еді.

Үшінші кездесу

Тағы да Шерхан ағадан сұхбат алдым. Сол сұхбат Ерғали Сағат ағамыз басқаратын республикалық «Парасат» журналyna жарияланды. Журналды алып Шер-ағаңның үйіне асыра жеттім. Ол кісі сұхбатында журналистикада табанды журналист жігіттер көп болуын, билік басындағыларға мық шегедей мықтылық қажет екенін қадап айтқан еді. Нар көкем үйінде екен. Бізді дәмге шақырды. Журналдағы сұхбатқа көnlі толғандай болды. Жадырады.

– Әйтеүір, ешкімнің көнілін қалдырған жоқпыз ба?

– Солай сияқты.

– Онда дұрыс екен.

Кетүгө жиналдым. «Тоқтай тұр!» – деді Шер-аға. Бөлмесіне кірдік екеуміз. Шер-ағаң столда-рынан бірдене іздеді. Суырмаларын тұртпектеп жүріп бір жуан жаңа жазу дәптерін тауып алды. Сейтті де «Есет батырга!», – деп қолтаңба жазып, ұсынды маған. Әйгілі Шерхан Мұртаза

еэ қолымен қолтаңбасы жазылған жазу дәптерін ұсынып тұр! Сыртқы есікке дейін өзі ілесіп келді. «Қазір көлік келе-ді. Жуалыға барамыз», – деді Шер-ағаң. Сол сәт жүзінде қуаныш тұрды. Шіркін, туған жер қымбат қой. Шер-аға да туған жеріме барамын деп қуанып тұр. Менің кішкентай Көктебем де – өзіме қымбат!

– Келіп тұрсаңшы, – деді қазақтың Шерханы.

– Барып тұрамыз фой, аға!



Жертінші кездесу

Бірде «Баласағұнда» белгілі сатирик Көпен Әмірбектің концерті өтті. Концерт десе, дөлебен қозады. Бағасы да – қымбат. Жан жарымды ертіп барып, қолымдағы бір билетті екі адамға жеткізе алмай тұрғанмын. Кенет үлкен фәеде Шерхан ағаны көзім шалды. Барыпамандастым. Танып жатыр. Ақбілек апамыз да «Үйге келген бала фой», – деп қояды. Сәлден соң, Шер-ағаң кіру есігіне беттеді. Бір жағынан сүйемелдедім. Сейттім де сол сүйемелдеген күйі ішке кірдім де кеттім. Шер-ағаңның арқасында Көпеннің концертін тегін көргенім бар. Бұл да – Шерханның шапағаты фой! Қазір Шер-ағаңның үйіне оқта-текте ба-рып тұрамыз.

Қазақтың қазына Шерханы Таразда тұрады.

Есет ДОСАЛЫ

ҚР Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламасында

ҚазҰЭК қорын үлғайту көзделді.

Анығында «Ақпараттық Қазақстанды» ақпараттар провайдері – кітапханасыз елестету мүмкін бе? Кітапхананың кемел келешегі

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының Бас директоры Жанна Шаймұханбетованаң материалында баяндалады. Сондай-ақ бөлімде қазіргі сандық қоғамға қарай кітапхананың кескін-келбеті, технологиялық прогресстердің кітапханалық қызметтерді түрлендіру тәсілі сипатталады.



2





Моя жизнь - моя профессия

Каждый человек рождается для какого-то дела.

Каждый, кто ходит по земле, имеет свои
обязанности в жизни.

Э. Хемингуэй

Во все времена, у всех народов труд всегда был в почете. Труд сопровождает нас с самого детства. Ведь даже чтобы научиться ходить, говорить, есть, нужно трудиться. Он является основополагающим моментом в эволюции человечества. И труд в любом его проявлении - будь то физический, или интеллектуальный - дает людям удовлетворенность, можно даже сказать, умиротворение.

Именно трудолюбие, огромное желание быть полезной обществу помогли нашей сегодняшней героине заслужить уважение и признание коллег, друзей, стать высококлассным специалистом, умелым руководителем. Это Кама Газизовна Урмурзина, президент АО «Республиканская научно-техническая библиотека», президент Информационного консорциума библиотек Казахстана, а также главный редактор журнала «Кітапхана әлемі – Мир библиотеки».

Свои первые шаги в библиотечном деле Кама Газизовна начала в 1966 году с должности заведующей читальным залом районной библиотеки Алакольского районного отдела культуры Талдыкорганской области. Через несколько лет, окончив Казахский государственный женский педагогический институт по специальности «Библиотековедение и библиография», К. Урмурзина продолжила свою трудовую деятельность заведующей читальным залом Алакольской районной детской библиотеки в с. Учарал. Где бы она не работала, Каме Газизовне всегда были присущи высокая организованность, профессионализм, лояльность, стремление к достижению поставленной цели. Великому У. Шекспиру принадлежат слова о том, что труд, который нравится, перестает быть трудом. Именно любовь к своему делу, твердая вера в пра-

вильность своих решений помогают К. Урмурзиной уверенно шагать по жизни. Так, послужной список Камы Газизовны пополнился отметками о работе в областном управлении культуры в г. Талдыкоргане, заведующей районной библиотеки Капальского района, директором областной универсальной научной библиотеки им. С. Сейфуллина в г. Талдыкоргане.

Наша жизнь интересна тем, что порой размежеванный ход будничных дней «нарушается» тем или иным событием, которое несет в себе новые ощущения, знакомство с новыми людьми, перемена места жительства. Ее Величество Судьба, подобно художнику, одним лишь взмахом кисти вносит свои корректизы на холсте времени. Так и Каме Газизовне судьбой было уготовано сменить не один город, поработать за пределами Казахстана. Ведь кроме директора, она еще была женой, матерью. И как подобает верной спутнице жизни, вслед за назначениями супруга, переезжала с места на место, обустраивала семейный быт, создавала в новом доме тепло и уют. Но и в новом месте она не смогла сидеть без дела. Пока глава семейства учился в военной академии в Москве, К. Урмурзина работала в филиале ЦБС Брежневского района. После Москвы очередным местом назначения супруга был Афганистан, туда с сыном последовала и Кама Газизовна.



По возвращению на родину, К. Урмурзина была назначена на должность директора в областную научно-техническую библиотеку (ОНТБ) в г.Талдыкоргане.

Следующим этапом в жизни и трудовой деятельности К. Урмурзиной стала работа в Республиканской научно-технической библиотеке. Начинала с должности главного библиотекаря, затем стала заместителем директора, директором, генеральным директором, а по сегодняшний день все знают ее как президента АО «РНТБ».

С момента становления Камы Газизовны у руля РНТБ, в ее работе стали происходить качественные перемены. Так, в Республиканской научно-технической библиотеке и ее филиалах началось освоение информационных технологий. За короткое время были решены проблемы технического оснащения библиотек, программного обеспечения, приступили к обучению коллектива основам компьютерной грамотности. Сегодня РНТБ и ее филиалы в 12 городах республики предлагают своим многочисленным пользователям электронные ресурсы, доступ в Интернет и другие услуги, оказываемые на базе компьютерной и копировальной техники. Стремясь не отставать от динамично развивающегося мира, здесь совершенствуют технический парк, приобретают документы на электронных носителях, разви-

вают локальные сети. Наряду с процессом автоматизации президент решает и ряд других актуальных задач – это координация и кооперирование деятельности в корпоративных объединениях, кадровая политика, сервисная деятельность, управление производственными процессами и персоналом. Будучи опытным менеджером, К. Урмурзина большое внимание уделяет вопросу непрерывного образования библиотекарей. Именно по ее инициативе был создан при РНТБ Центр профессионального развития библиотечных работников Казахстана, где в свое время повышали квалификацию не только казахстанские библиотекари, но и их коллеги из Кыргызстана, Таджикистана, Узбекистана. Сегодня для внутреннего пользования в библиотеке успешно функционирует Школа профессионального развития, образовательная структура, воссозданная в новой более совершенной и современной форме.

Имея волевой характер, непоколебимую силу духа и огромное желание поднять престиж библиотекаря в обществе, Кама Газизовна не раз становилась идейным вдохновителем ряда проектов. Так, одной из реализованных ее идей стало утверждение еще в 1999 году Дня библиотек г. Алматы. Но, к сожалению, данная инициатива не получила должного развития и не переросла в День библиотек Казахстана.



Детищем Камы Газизовны является и Информационный консорциум библиотек Казахстана, который был создан под ее руководством и президентом которого она избирается вот уже много лет. Цель Консорциума - содействие свободному, равноправному доступу граждан к информационным ресурсам на основе использования современных компьютерных технологий, средств телекоммуникации и международной сети Интернет. Благодаря этому сегодня около 50 библиотек республики имеют доступ к онлайновым базам данных зарубежных компаний и издательств. Также в рамках Консорциума издается профессиональный библиотечный журнал - «Кітап-

хана әлемі - Мир библиотеки», главным редактором которого является К. Урмурзина.

Заслуги Камы Газизовны высоко ценятся не только в нашей стране, но и за рубежом. Член экспертного совета Фонда Сорос-Казахстан, вице-президент Международной ассоциации пользователей и разработчиков электронных библиотек и новых информационных технологий, участник конференций ИФЛА, Крымских конференций и ряда других форумов.

Многолетняя деятельность Камы Газизовны на благо развития казахстанского общества на раз отмечалась достойными наградами. Это Почетные грамоты Министерства образования, культуры и здравоохранения Республики Казахстан, Министерства образования и науки Республики Казахстан, Комитета культуры Республики Казахстан, нагрудные знаки «Почетный работник науки Республики Казахстан», «Почетный работник образования Республики Казахстан», «Заслуженный работник культуры Республики Казахстан», медаль «Ветеран труда», медаль от благодарного афганского народа. А также Указом Президента Республики Казахстан К. Урмурзина награждена медалью «Ерен еңбегі үшін», юбилейными медалями.

По словам Камы Газизовны, ее жизненное кредо - созидать вопреки всем препятствиям и трудностям и получать огромное удовлетворение от содеянного. Это слова человека сильного, амбициозного, полного оптимизма и творческих решений, которого впереди ждут новые победы и новые вершины.

Гулжанат ЖУБАНИЯЗОВА



Жанна ШАЙМУХАНБЕТОВА,
генеральный директор НАБ РК

Библиотекам до всего **есть дело!**

Каждый казахстанец, кому не безразлична судьба страны, прочитал статью Президента РК Нурсултана Назарбаева «Социальная модернизация: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда» и примерил ее к себе, к своему труду, к своей жизни в целом.

Поскольку для библиотекарей всегда была характерна активная жизненная позиция, я уверена в том, что каждый из нас обозначил задачи для себя и своего коллектива.

В целом статья затрагивает все стороны социальной жизни. А библиотека, как социальный институт, призвана откликаться на все события в местном сообществе. Если мы хотим и дальше существовать как государственные массовые библио-

теки – нам должно быть до всего дело!

Президент РК Н.А.Назарбаев инициировал разработку Государственной Программы «Информационный Казахстан - 2030» - крайне необходимое и важное решение. Библиотечная система Казахстана должна быть вовлечена в осуществление тех идей, которые будут обозначены в этом своевременном документе. Нам необходимо выработать достаточно обоснованные и четкие предложения для включения в Программу. Давайте думать

глобально! Не замыкаться на своих местнических проблемах, а думать в масштабе страны. В этом документе должно найти отражение решение таких стратегических задач информационного общества как:

- Повышение качества жизни граждан в информационном обществе
- Создание базовой инфраструктуры информационного общества
- Обеспечение свободного, равного и всеобщего доступа к информации и культурным ценностям (социальная защищенность)
- Развитие цифрового контента и сохранение культурного наследия
- Развитие казахстанского рынка информационных и телекоммуникационных технологий
- Преодоление высокого уровня различия в использовании информационных технологий регионами, различными слоями общества.

Реализация обозначенных задач должна полностью модернизировать библиотечное поле.

Глава государства в статье поставил задачу радикального расширения КазНЭБ. При этом обозначен путь – включить все книги, изданные по государственному заказу в КазНЭБ. Данное решение, безусловно, позволит качественно наполнить Электронную библиотеку. К сожалению, несовершенство законодательной базы по охране авторского права, действующей в Казахстане, не позволяет в полной мере обеспечить наполнение электронных библиотек. Здесь требуется более системная работа с авторами о необходимости участия в национальном проекте. Наша задача

– убеждать, показывать преимущества использования КазНЭБ, взывать к патриотическим чувствам авторов.

Именно общедоступные библиотеки могут стать оптимальными партнерами органов власти для предоставления услуг электронного правительства для казахстанцев, так как только библиотеки являются наиболее подходящими общественными точками доступа к информации. Важно доказать руководителям местных акиматов, что ваша библиотека – открытая бесплатная площадка для получения доступа к услугам е-правительства, место обучения населения.


Пункты общественного доступа к порталу е-правительства были открыты и успешно функционируют в библиотеках Восточно-Казахстанской, Павлодарской и Карагандинской областей. Принимая участие в реализации такой важной государственной

программы как создание е-правительства, библиотеки должны продемонстрировать себя как главные элементы национальной политики в области информации.

К великому сожалению, число библиотек, имеющих доступ в Интернет, ничтожно мало – только 17%. Например, в Карагандинской области – 51% общедоступных библиотек, в Атырауской области – всего 3%. В данной ситуации не приходится говорить об электронной доставке документов, виртуальном справочном обслуживании, продление книг в онлайновом режиме. Т.е., такие библиотеки уже выпадают из круга обращения населения.

Осознавая вызов времени, библиотеки Казахстана должны быть готовы в перспективе решать следующие задачи:

1. Совершенствовать технологическую и материальную базу



с учетом развития Интернет-технологий и появления новых возможностей;

2. Развивать КазНЭБ как национальный электронный ресурс;

3. Создавать веб-сайты как инструменты продвижения ресурсов и услуг библиотеки;

4. Повышать информационную компетентность читателей и библиотекарей.

Вопросам формирования правовой культуры в Программной статье Президента уделяется большое внимание, что является подтверждением важности этой проблемы. Библиотеки как участники современного информационного поля, являются наиболее действенным каналом распространения правовой информации среди широких слоев населения. В опыте библиотек достаточно много примеров успешной работы: Центры правовой информации, публичные лекции, доступ к полнотекстовым юридическим базам данных и современному печатному

ресурсу, выставки и просмотры, службы юридической консультации в стенах библиотеки, участие в проекте «Юридические клиники». К сожалению, данную работу проводят небольшое количество библиотек, тогда как возможности есть у всех. Безусловно, реализация подобной модели отразилась бы на росте востребованности библиотеки в местном сообществе, возникновении интереса со стороны органов власти любого уровня.

Блок задач, связанных с вопросами социализации личности, в том числе, профориентация и профадаптация молодежи, в полной мере касаются и библиотек.

В частности, Президент затронул проблемы краеведения. Сбор, хранение и популяризация настоящего и прошлого – была и остается одной из приоритетных задач библиотек. Это решается самыми разными способами – путем сбора и хранения местных исторических доку-


ментов, организации выставок, вечеров воспоминаний, публикаций материалов, созданий электронных ресурсов с последующим размещением в Интернет. Практически все библиотеки на местах участвуют в реализации региональных программ по сохранению местного культурного и исторического наследия.

Задача библиотек в будущем – популяризировать, особенно среди молодого поколения читателей, письменное литературное наследие казахского народа, изучать с целью выявления новых документов и сохранять для будущего поколения путем применения достижений цифровых технологий. Региональные библиотеки, располагая обширными информационными ресурсами, технологической базой, профессиональным опытом, должны возглавить эту важную часть деятельности.

Одной из приоритетных направлений должно стать расширение организационной и научно-исследовательской работы в области краеведения во всех регионах Казахстана, привлечение как можно большего числа партнеров в лице архивов, музеев, научной и творческой интеллигенции. Задача будущего – создать вокруг библиотек сообщество людей, заботящихся о сохранением исторической и культурной памяти народа для следующего поколения казахстанцев.

Президент еще раз обратил внимание на роль семьи, семейных традиций. Мы понимаем, что возрождение традиции семейного чтения как культурной нормы развития ребенка – одна из важнейших задач библиотек. И видим шаги ее реализации. Шаг первый – формирование

**Библиотекам
до всего есть дело!**



информационного ресурса в помощь семейному чтению (детская литература; справочная и научно-популярная литература по семейной педагогике, дошкольной и школьной педагогике, по детской психологии, по уходу за детьми, образованию детей, организации их досуга; издания «материнской» периодики; мультимедийные издания и нормативно-правовые документы). Шаг второй – активизация сотрудничества с родителями, заинтересованными организациями и учреждениями. Только в этом случае будет достигнут успех.

Елбасы также затронул в статье проблемы социальной защиты и адаптации различных слоев населения. Общедоступные библиотеки всегда осуществляли важную роль социального места встреч. Это особенно важно в сельской местности, где услугами библиотек в большинстве пользуются представители наиболее социально уязвимых групп населения: пенсионеры, члены семей с низким уровнем дохода, оралманы, люди с низким уровнем образования и т.д. Библиотекари могут направить свои усилия на повышение их компьютерной грамотности, организацию полноценного досуга, совершенствование их знаний и навыков. При этом привлечь к этой работе волонтеров.

Особое внимание необходимо уделять организации библиотечного обслуживания людей с ограниченными физическими и сенсорными возможностями. В системе Министерства культуры РК в стране функционирует 20 библиотек для незрячих и слабовидящих граждан и одна библиотека для обслуживания глухонемых. Но нужно учесть, что в



К сожалению, несовершенство законодательной базы по охране авторского права, действующей в Казахстане, не позволяет в полной мере обеспечить наполнение электронных библиотек. Здесь требуется более системная работа с авторами о необходимости участия в национальном проекте. Наша задача – убеждать, показывать преимущества использования КазНЭБ, взывать к патриотическим чувствам авторов.

